АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИСАТАЙ АУДАНЫНЫҢ
ИСАТАЙ
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІ

АКИМ
ИСАТАЙСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ИСАТАЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

20 22 жылғы « 26 » сәуір № 35 «____» _____ 20__ г.

Исатай ауылы село Исатай

«Мемлекеттік сатып алуды тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен өткізу туралы»

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41 - бабының 1,4,5 тармақшаларына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39- бабының 3 -тармағының 42-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу порталында «Исатай ауылының көшелерін құмнан, қатты қоқыс қалдықтарын жинап, тасып, төгу бойынша қызметтері» бойынша жалпы сомасы 200 000 (екі жүз мың) теңге 00 тиынға № 7325004-1 және № 7416302-1 нөмірлі екі рет хабарландырулар беріліп, ешқандай әлеуетті өнім беруші қатыспай, сатып алу өтпеді деп танылуына байланысты мемлекеттік сатып алуды тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен келісім шарт жасалсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға келісім шартқа отыру үшін қажетті барлық әрекеттерді орындау тапсырылсын.

3.Өкімнің орындалуын қадағалау және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 41 -бабының 4- тармағына сай жауапкершілікті өзіме қалдырамын.

Округ әкімі **А.Ғұбаш**

000041